

## Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімінің 2016 жылғы 21 қарашадағы № 3 шешімі.  
Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 қарашада № 3224 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 бабына және 50 бабының 2 тармағының 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы № 756 қаулысына сәйкес, аудан аумағындағы елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында, Мойынқұм ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Мойынқұм ауданы әкімінің орынбасары М. Естаев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*М. Естаев*